

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 851 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 мамыр N 651

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 851 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 39, 588-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алу, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы ережеде:

2-тармақтың үшінші абзацындағы "Мемлекеттік тергеу комитеті"

деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтағы "Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі